

Ақтөбе қаласын күзгі-қысқы кезеңге дайындауға Ақтөбе облысының бюджетін несиелендірудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2001 жылғы 29 желтоқсан N 1762

"2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 10 қарашадағы Z010254_ заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ақтөбе қаласын күзгі-қысқы кезеңге дайындауға Ақтөбе облысының бюджетін несиелендіру ережесі бекітілсін.

2. Ақтөбе облысының әкімі:

1) 2001 жылға арналған облыстық бюджетте осы қаулының 3-тармағына сәйкес бөлінетін несиелендіру бойынша түсімді көздейтін облыстық мәслихаттың шешімін, сондай-ақ көрсетілген қаражатты пайдалану жөніндегі жергілікті бюджеттің бағдарламасын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсынсын;

2) 2003 жылға арналған облыстық бюджеттің жобасын қалыптастыру кезінде осы қаулының 3-тармағына сәйкес алынған несиелендіру өтеуге қаражат көздесін.

3. Осы қаулының 2-тармағының 1-тармақшасын орындаған жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ақтөбе облысының бюджетіне Ақтөбе қаласын күзгі-қысқы кезеңге дайындауға, осы қаулымен бекітілген ережелермен айқындалған шарттарда, 2001 жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражаттан 100000000 (жүз миллион) теңге сомасында несиелендіру бөлсін.

4. Ақтөбе облысының әкімі осы қаулының 3-тармағына сәйкес алынған

несиелендіру республикалық бюджетке 2003 жылғы 1 наурызға дейін өтеуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулы 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2001 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1762 қаулысымен
бекітілген

Ақтөбе қаласын күзгі-қысқы кезеңге дайындауға Ақтөбе облысының
бюджетін несиелендіру ережесі

1. Осы ереже "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Z000131_ Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 10 қарашадағы Z010254_ Заңында көзделген 217 "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі" әкімшісінің 87 "Ақтөбе қаласын күзгі-қысқы кезеңге дайындауға Ақтөбе облысының бюджетін несиелендіру" бюджеттік бағдарламасы бойынша 100000000 (жүз миллион) теңге сомасында несие (бұдан әрі - Несие) беру тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. 100000000 (жүз миллион) теңге сомасындағы несие Ақтөбе облысының бюджетіне Ақтөбе қаласын күзгі-қысқы дайындау үшін 2003 жылғы 1 наурызға дейін қайтару мерзімімен бөлінеді.

3. Ақтөбе облысының әкімияты бөлінген Несиенің мақсатты пайдаланылуын және оның республикалық бюджетке уақытылы қайтарылуын қамтамасыз етеді.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ақтөбе облысының әкімиятымен тиісті Несие келісімін жасасады.

5. 87 "Ақтөбе қаласын күзгі-қысқы кезеңге дайындауға Ақтөбе облысының бюджетін несиелендіру" бюджеттік бағдарламасы бойынша қаражаттың есебінен Ақтөбе облысының бюджетіне несие бөлуді 601601 "Республикалық бюджеттен несиелер" кодына Ақтөбе облысының облыстық бюджетінің кіріс шотына көрсетілген қаражатты аудару жолымен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

6. Ақтөбе облысының әкімияты 2003 жылға арналған облыстық бюджетті қалыптастырған кезде республикалық бюджетке Несиені 2003 жылғы 1 наурызға дейін өтеуді көздейді.

7. Несие белгіленген мерзімде қайтарылмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өтелмеген борыштың сомасын есептен шығаруды жүзеге асыру үшін Ақтөбе облысының облыстық бюджетінің ағымдағы шоттары бойынша барлық шығыс операцияларын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі айқындаған тәртіппен тоқтата тұрады.

8. Несиенің мақсатты пайдаланылуын және республикалық бюджетке

уақытылы қайтарылуын бақылауды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

9. Несиенің мақсатсыз пайдаланылғаны анықталған жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен санкциялар қолданылады.

10. Несиені республикалық бюджетке қайтаруды осы ереженің 2-тармағында белгіленген мерзімде Ақтөбе облысының әкімияты жүргізеді.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.